

# егемен Қазақстан

## Қыз намысы ұлт намысы емес пе?

Қазақ ұлын ұядан, балапан кезінен қырандай қияға қанат қақса екен, отбасы, ошақ қасында қалмаса екен деп тілеген. Қарғадайынан ашамай ерттеген тай-құнанға мінгізіп, ұранымды айтар ұланым деп, қолдан келгеннің бәрін аямаған. Талабын ұштаған. Қазақтың бетіндегі ұяты, көңіліндегі мияты бол деген тілегін құлағына құйған.



Сол тәрбие небір алып ұлдарды, айтулы азаматтарды, ақылды қыздарды, елі мен жерінің қорғаны болған батырларды, сөзге тоқтаған ақыл иелерін, билік айтар билерін қалыптастырған. Біз бүгін солардың үлгісін мақтан етеміз, түсінгендеріміз аталы сөздеріне жүгінеміз, ұқсап бақсақ дейміз. Бірақ олардың сұңғыла ісін толық бойымызға дарыта алмай, оны өзімізден емес, өзгелерден көруге бейім болып алғанымыз да ақиқат. Қазақ қызын ұлдан жоғары қойған, босағаға отырғызбаған, жаны нәзік деп көңіліне қараған, қонақ деп құрметтеген. Тіпті кей тұста ұлға балап өсірген. Ұлттың алтын қазығы, ұлттың ғұмыры, ұлылық қыздың ибасында, ананың ақ жаулығында деп, осыны мойнындағы тұмар секілді ой-санасына дарытқан. Ел шеті бүлінсе, ерлердің қатарына қосып, кейде қару да ұстатқан. Бұған көзі ашық, арғы-бергі тарихты ой сарабынан өткізген жан жақсы біледі. Басқаны қойып, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде ұлт ұранын көтерген батыр ұлдар мен батыр қыздарды еске түсірсек, жетіп жатыр емес пе?! Біз бүгінде жоғарыда ұшқынлатып айтқан ұлт үлгісінен алыстап бара жатқандаймыз. Әлемдік сапырылыс үдеп тұрғанда оған қанша жерден алдына тосқауыл болам десең де, бола алмайсың дейтіндер табылар. Бірақ, солай екен деп ұлттық дәстүрден қол үзіп, жұтылып кету керек пе деген ой жұдырықтай жүректі тайдай тулатып тұр. Мұндай тұста ұран ұстар ұл ынжықтық танытса, ибалы қыз қырын кетсе, жұртымыздың төрт құбыласын түгендеу қиын болары хақ. «Мен қауіп еткеннен айтамын: Ақ борықтай иілген, Кейінгі туған баланың, Ұстай ма деп білегін, Шая ма деп жүрегін, Шашын, мұртын қойдырып, Ащы суға тойдырып, Бұза ма деп реңін, Адыра қалғыр заманның, Мен жаратпаймын сүреңін», – деп Мұрат ақын айтқандай, біз де ішкі қауімізді сыртқа шығарып отырмыз. Шынында, сұрқынды алар сұйық іс бізде де жоқ деп айта алмасақ керек. Нарық заманы ел адамдарын өзгертті, өз күніңді өзің көруге тиіссің деген ұғымға ден қойған ұлт ұлдары әр алуан тірлікте жүр. Бірі базар жағалайды, енді бір соқталдай жігіттер көшедегі тұраққа келіп тоқтаған машина иелерінен алақан жайып ақша жинайды. Бірақ, солардың айлығы шайлықтан артылмайтын көрінеді. Ұлдарымыз, қыздарымыз көше жағалап жүрсе, жаның қалай ауырмасын. Бар байлықты шеттен келгенге ұстатып, өзімізді шеттетсек, бұл қалай болады? Осындай жағдайда жігіттерімізді еңбек етпейді деп желкелеу жөн бе екен? Қыздарымыз туралы да әңгіме көп. Желдей еседі. Өзгені қойып, қорған болар өз қандастарымыз күндей күркірейді. Бабаларымыздың «қызға қырық үйден тыю» дегенін орындай алмай жүріп, кінә тағуға, мін ілуге неге құмармыз? Абай айтпақшы, өз отбасымыздан аулақ болса, қия басқанды ұлтымыздың бұл да бір балапаны емес пе демей, сыртқа тепсек, әлгі балапанның бағы қалай ашылады? Бұл жері көп, халқы аз халық үшін бір кездері қатер болып жүрмей ме? Қазір қыздарымыз шетке кетіп жатыр, өзгенің етегінен ұстайды деп дүрілдейміз. Бұл неліктен дегенге мән бермейміз. Оны «бұғаулайтын» қарындасын қадір тұтқан, әпкесін ардақтаған қазақ жігіті қайда деп ойланып көрдік пе? Бар пәлені қызға аударғанша, жігіттерге неге сұраулы жүзбен қарамаймыз? Қыз намысы ұлт намысы емес пе? Сол намыс туы ежелден-ақ жігіттердің қолында жүрмейтін бе еді деуге хақымыз бар болса керек? Бүгін сөзге іліккен қыздың тағдыры ертең өзге қазақ қызының басына келмейтініне кім кепілдік бере алады? Ұлт ғұмыры текті қызға тәуелді. Текті қыздан текті ұлт туады. Ендеше, ұлт қызының тағдыры ұран ұстар ұлдың қолында тұр. Сөз түйінін ұлт қызының үлгісі болған Фариза Оңғарсынованың: «Жоғары қырда ананың бағасы бек, алдына басын иген данасы кеп, Далада өсіріпті қызды ардақтап, болашақ рулы елдің анасы деп. Ерліктің нышаны емес ас пен күші, Ел қорғау – ер жігіттің қастерлі ісі, Жақсы әйел, жүйрік ат пен алмас қылыш – қазақта батырлықтың бас белгісі», деген өлең жолдарымен аяқтауды мақұл көрдік.

**Сүлеймен МӘМЕТ**